



Ел жүргі - елорда шекіресі

АСТАНА АКШАМБЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

ҰЛТ ЖАУҢАРЛАРЫ

Астанадағы Әскери-тариҳи музейде белгілі зергер Сержан Бәшіровтің «Ұлт жауңарлары» атты коллекциялық көрмесі өтуде.



Мәдени шараға тақырып өте тауып қойылған. Ұлт жауңарлары қандай келісті сөз. Халқымыз түрлі зобаландар кесірінен талай жауңарларынан айырылып қалды. Бірақ өкініштің орны бірте-бірте толып келеді. Оның өзі – ұлттық құндылықтарды қадірлеген Сержан Бәшіров секілді азаматтардың арқасында. Сержан – зергерлік өнерден өрісін тапқан шебер. Бабалар өрнектеген дәстүрді жалғастыруышы. Шырайлы Шығыстағы Тарбағатай тауының бір қолтығында туған ол жасынан зергерлікпен әуестеніп, кейін Алматы көркемсурет училищесін «Металды көркем өндеу» мамандығы бойынша бітірген. Этноавангард стиліндегі зергерлік бұйымдардың авторы. Жұмыстарына көбінесе күміс, сүйек, маржан, көгілдір ақықты қолданады. Оның туындылары алыс-жақын шет мемлекеттерге танылып үлгерген. Бірқатар халықаралық, республикалық байқаулардың жеңімпазы атанған. Көрмеге зергердің жасаған бұйымдары мен коллекциялық заттары қойылды. Бір ғажабы, шебер бұрынғы аталарымыз тіршілікке қолданған дүниелерді жинаумен айналысады. Жинаумен ғана шектелмей, оны қалпына келтіріп, мінсіз шебердің қолынан шыққандай жұтындырып қояды. Көрмедегі ғасырдан астам сақталған тұсқиіздер, кебежелер, сандықтар келушілердің қызығушылығын туғызды. Ертедегі аталарымыз пайдаланған шиті мылтық, күміспен әдіптелген ер тоқым, үзенгі, өмілдірік секілді бұйымдарды көріп, бұрынғы заманға сапарлап барғандай күй кештік. Отken ғасырдағы киіз үйдің есігі – сықырлауық пен ерлер белдігінің көздің жауын алар түрлісін көресіз. Баяғы әжелеріміз тоқыған қып-қызыл кілемдердің өзі көрмеге ерекше көрік

беріп тұр. Күнделікті қажетке жарайтын тұрмыстық заттарды кездестіресіз. Осындай көнеден сыр тартатын дүниені тірнектеп жинау да онай емес. Зергердің коллекциялық топтамамен айналысқанына отыз жылдан астам уақыт өтіпті. Оның бірін өзі сатып алса, екіншісін әуестігін білетін адамдар сыйға тартқан.



Шараға ҚР ҚК Бас штабы бастығының орынбасары, генерал-майор Мұхамеджан Таласов қатысып, зергердің шығармашылығы туралы сөз қозғап, оған алдағы таңда жүртшылықты қуанта берер жаңа табыстар тіледі. Айта кетейік, көрме 30 желтоқсанға дейін жалғасады.

